

## Акцизделетін тауарларды жаңа үлгідегі акциздік алым маркаларымен міндettі түрде таңбалауды енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 31 желтоқсан N 1749. Күші жойылды - ҚРУ-нің 1999.04.19. N 431 қаулысымен. ~P990431

Акциздердің толық алымын қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының аумағына акцизделетін тауарлардың кейбір түрлерін заңсыз әкелуге, өндіруге және сатуға жол бермеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Акцизделетін тауарларды жаңа үлгідегі акциздік алым маркаларымен:

1997 жылдың 10 қаңтарынан бастап - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті бекіткен тәртіппен, 1-қосымшаға сәйкес акцизделетін тауарларды;

1997 жылдың 1 шілдесінен бастап - 1 қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында өндірілген темекі өнімдерін;

1997 жылдың 1 сәуірінен бастап - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті Кеден комитетімен бірлесіп бекіткен тәртіппен, 2-қосымшаға сәйкес акцизделетін тауарларды міндettі түрде таңбалау енгізілсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 3-абзацы өзгертілді - ҚРУ-нің 1997.02.26.

N 273 қаулысымен. P970273\_

2. 1995-1996 жылдардағы үлгідегі акциздік алым маркаларымен таңбаланған отандық және импорттық өндірістің акцизделетін тауарларын;

1997 жылдың 10 қаңтарынан бастап - 1-қосымшаға сәйкес акцизделетін тауарларды;

1997 жылдың 1 қазаннан бастап - 1-қосымшаға сәйкес темекі өнімдерін және - 2-қосымшаға сәйкес акцизделетін тауарларды.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 3-абзацы жаңа редакцияда - ҚРУ-нің

1997.02.26. N 273 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 3 абзацы қайтадан жаңа редакцияда - ҚРУ-нің 1997.07.24. N 1167 қаулысымен. P971167\_

3. Көрсетілген тауарларды отандық өндірушілер мен импорттаушылар акцизделетін тауарларды таңбалау үшін жауапты болып табылады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Банкнот фабрикасы отандық

және импорттың акцизделетін тауарларға арналған акциздік алым маркаларын дайындаушы - көсіпорын болып табылады деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті мен мемлекеттік кеден комитеті:

бұл жағдайда алкоголь өнімдері үшін иридисцентті қағаздарды қолдану және сериялары мен жеті орынды реттік номерді міндепті түрде кіргізу арқылы маркалар дайындауды көздей отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Банкнот фабрикасымен отандық және импортталатын акцизделетін тауарларды таңбалауға арналған жаңа үлгідегі акциздік алым маркаларын дайындауға шарт жасассын. Акциз ставкаларындағы елеулі айырмашылықты ескере отырып, шараптар мен қүшейтілген сусындарға арналған жеке акциздік таңбалар жасау көзделсін;

жаңа үлгідегі акциздік алым маркаларын әзірлегені үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасымен есеп айырысу: отандық акцизделетін тауарлар үшін - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің арнаулы шотына акциз маркаларын сатудан түсетін қаражат есебінен; импортталатын акцизделетін тауарлар үшін - импорттаушылардың қаражатының есебінен жүргізілсін;

одан әрі бақылауды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетіне нөмірлері мен нақты импорттаушыларды көрсете отырып сатылған акциз маркаларының /оның ішінде 1995-1996 жылдарғы үлгілері/ саны туралы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетіне ай сайын мәлімет тапсырып отырсын;

бір апта мерзім ішінде 1995-1996 жылдардағы үлгідегі акциздік алым маркаларымен таңбаланған және акцизделетін тауарларды өндіруді, әкелуді және сатуды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғаларда қалған отандық және импортталатын акцизделетін тауарларға түгендеу жүргізудің тәртібін әзірлесін және оны бекітсін;

тауар өндіретін тұлғалар мен импорттаушылардан импортталатын акцизделетін тауарлар жөніндегі контрактілерге міндепті түрде есеп жүргізе отырып, жаңа үлгідегі акциздік алым маркасын алуға тапсырыс (оның ішінде түгендеу жүргізу үшін қажет) жинауды қамтамасыз ететін болсын.

ЕСКЕРТУ. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРУ-нің 1997.02.26.

N 273 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақтың 2 абзацы сөйлеммен толықтырылды - ҚРУ-нің 1997.07.24. N 1167 қаулысымен. Р971167\_

6. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық

комитетімен есеп айырысу кезінде қолданылатын Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Банкнот фабрикасы жаңа үлгідегі акциздік алым маркаларына баға қолданылуының дұрыстығын бақылауды қамтамасыз етсін.

7. Жаңа үлгідегі акциздік алым маркаларының құны: отандық акцизделетін тауарларға - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті осы қаулының 5-тармағының негізінде жасалған келісімге сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Банкнот фабрикасымен есеп айырысуларда қолданылатын бағалардың мөлшерінде;

ЕСКЕРТУ. 7-тармақтың 4-абзацы жаңа редакцияда - ҚРУ-нің 1997.02.26. N 273 қаулысымен. P970273

ЕСКЕРТУ. 7-тармақтың 4 абзацы өзгертілді - ҚРУ-нің 1997.06.12. N 957 қаулысымен. p970957

ЕСКЕРТУ. 7-тармақтың 3,4-абзацтары алып тасталды - ҚРУ-нің 1998.12.02. N 1224 қаулысымен. P981224

8. Жаңа үлгідегі акциздік алым маркаларымен таңбалануға жататын акцизделетін тауарларды өндіруді, әкелуді және сатуды жүзеге асыратын занды және жеке тұлғалар:

1-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша жаңа үлгідегі акциздік алым маркаларымен таңбалануға жататын отандық өндіріс тауарларына - 1997 жылдың 10 қаңтарындағы жағдай бойынша;

1-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша жаңа үлгідегі акциздік алым маркаларымен таңбалануға жататын отандық өндірістің темекі өнімдеріне - 1997 жылдың 1 шілдедегі жағдай бойынша;

2-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша жаңа үлгідегі акциздік алым маркаларымен таңбалануға жататын импорттық өндірістің, оның ішінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше елдер өндірісінің тауарларына - 1997 жылдың қазандағы жағдай бойынша түгендеу жүргізсін.

ЕСКЕРТУ. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚРУ-нің 1997.02.26. N 273 қаулысымен. P970273

9. Акцизделетін тауарларды өндіруді, әкелуді және сатуды жүзеге асыратын занды және жеке тұлғаларда түгендеу жүргізілген күнгі қалдық акцизделетін тауарлар таңбаланған 1995-1996 жылдардағы үлгідегі акциздік алым маркаларының құны (олар бойынша төленген қосылған құнға салынатын салықты қоспағанда), сондай-ақ түгендеу жүргізілген күні тауар өндірушілер мен импорттаушыларда қалған 1995-1996 жылдардағы үлгідегі пайдаланылмаған акциздік алым маркаларының құны өндіріс пен айналымның шығынына

**ж а т қ ы з у ғ а**

**ж а т а д ы .**

**10. Жаңа үлгідегі акциздік маркалармен таңбалануға жататын**

тауарларды әкелудің және сатудың ережесін бұзу бұл тауарларды тәркілеу арқылы қолданылып жүрген зандар бойынша тиісті жауапкершілікке алып барады.

**11. Акцизделетін тауарларды өндіруді, әкелуді және сатуды жүзеге асыратын занды және жеке тұлғалар алынған жаңа үлгідегі акциздік алым маркаларын жоғалтқан, үрлаған және с.с. жағдайда белгіленген тәртіппен бюджетке акциз төлеу жөнінде жауапкершілікте болады.**

**12. 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.**

**13. Осы қаулы жариялауға жатады.**

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 31 желтоқсандағы

N 1749 қаулысына

1-қосымша

Жаңа үлгідегі акциздік алым маркаларымен міндетті түрде таңбалауға жататын отандық акцизделетін тауарлардың  
ТІЗБЕСІ

Арақ

Спирттің барлық түрі

Ликерлер, күшейтілген сусындар, күшейтілген шырындар мен бальзамдар

Коньяқ

Шампан

Шарап

Темекі өнімдері (мынадай атауларды қоспағанда: "Қазақстан", "Медеу", сұзгісіз барлық сигареттер мен "Полет", "Прима", "Беламор-Канал" класындағы папиростар)

. Ескерту. Міндетті түрде таңбалау 1997 жылдың 1 шілдесінен бастап енгізіледі.

ЕСКЕРТУ. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРУ-нің 1997.02.26.  
N 273 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 31 желтоқсандағы  
N 1749 қаулысына  
2-қосымша

Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін және  
жана үлгідегі акциздік алым маркаларымен міндетті  
түрде таңбалауға жататын акциздік тауарлардың  
ТІЗБЕСІ

---

Сыртқы экономикалық қызметтің | Тауардың атауы  
тауарлық номенклатурасының коды |

---

2204-тен | Шарап, шампан шарабы  
(2204 30-дан басқасы), 2205, |  
2206 00

|

---

2207, 2208-ден

| Спирттің барлық түрі,  
| күшейтілген сусындар,  
| күшейтілген шырындар,  
| бальзамдар, арак, ликер-арақ

|Темекі өнімдері, темекісі бар  
|басқа да өнімдер

. Ескерту. Тауарлардың номенклатурасы кодпен де, тауарлардың атауымен де айқындалады.

ЕСКЕРТУ. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚРУ-нің 1997.06.12.  
N 957 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 31 желтоқсандағы  
N 1749 қаулысына  
3-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші  
жойылған кейбір шешімдерінің  
ТІЗБЕСІ

1. "Қазақстан Республикасының аумағында акциздік алым маркаларын енгізу және таңбалауға, жататын, акцизделетін тауарларды сату туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 592 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 16, 179-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 592 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 қантардағы N 73 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, N 6, 27 құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 қазандығы N 1226 қаулысының 7-тапмады.

4. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28

сәуірдегі N 592 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 маусымдағы N 750 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 28, 247-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу туралы және күшін жойған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 тамыздағы N 1031 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 39-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 35, 327-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 592 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 7 тамыздағы N 1094 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1995 ж., N 27, 327-құжат).